

1. Мемлекетаралық шекараны айқындау тұралы құжаттар негізінде шекарада арнаулы шекаралық айырым белгілерінің орнатылуы
 - A) пролонгация
 - B) делимитация
 - C) демаркация
 - D) ратификация
 - E) статус-кво
 - F) перлюстрация
2. 1963 жылғы Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 4 бабына сәйкес
 - A) Бас консул қабылдаушы елдің келісімінсіз тағайындалады
 - B) қабылдаушы елдің келісімімен консулдық округ айқындалады
 - C) консулдық кеңсесі қабылдаушы елдің келісімінсіз басқа аумақта ашылады
 - D) БҰҰ-ның шешімі негізінде консул тағайындалады
 - E) қабылдаушы елдің келісімімен Консулдық мекеме ашылады
 - F) қабылдаушы ел келісімімен вице консулдық ашылады
3. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш Сыртқы істер министрі
 - A) Есенәлиев М.
 - B) Тәжібаев Т.
 - C) Закарин А.
 - D) Бөлтiрiкова Б.
 - E) Сүлейменов Т.
 - F) Тоқаев Қ.
 - G) Әбдірахманов Қ.
4. Дипломатиялық байланыстарды нығайту барысында кез келген мемлекет пен Ватикан арасында жасалынған арнайы шарт, келісім
 - A) нунций
 - B) конкордат
 - C) трактат
 - D) легат
 - E) экзекватура
 - F) агреман
5. Халықаралық шарттардағы немесе келісімдегі ерекше жағдай
 - A) клаузула
 - B) оптация
 - C) реадмиссия
 - D) пролонгация
 - E) цессия
 - F) статус кво
 - G) агреман

6. 2005 ж. 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңының 20-бабына сәйкес халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалайтын мекеме
- A) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
 - B) Қазақстан Республикасының Бас консулдығы
 - C) Қазақстан Республикасының арнайы дипломатиялық миссиясы
 - D) Уақытша сенімді өкіл
 - E) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
 - F) Төтенше және Өкілетті Уәкіл
7. Халықаралық ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігін басқарады
- A) Тұрақты өкіл
 - B) Референт
 - C) Бас консул
 - D) Атташе
 - E) Уақытша сенімді өкіл
 - F) Вице консул
8. Дипломатиялық келіссөздер кезінде өкілдер
- A) мемлекетінен келіп түскен нақтылы нұсқаулықты негізге алады
 - B) дербес түрде қорытынды шешім қабылдауға толықтай құқылы емес
 - C) өз бетінше қорытынды шешім қабылдауға толық құқылы
 - D) мәмілеге келу мақсатында кең көлемде жеңілдіктер жасайды
 - E) уағдаласушы тараптардың ұсынысын негізге алады
 - F) қорытынды шешім қабылдауға қабылдаушы елдің рұқсатын алады
9. Консулдық лауазымды тұлғаның консулдық міндеттерін атқару аумағы
- A) консулдық патент
 - B) консулдық иммунитет
 - C) консулдық округ
 - D) консулдық вализа
 - E) консулдық тақта
 - F) консулдық экзекватура
10. Халықаралық келіссөздерге тән өзіндік ерекшеліктер
- A) мәселені күн тәртібіне қоймау
 - B) мәселе бойынша өзара тәуелділік
 - C) мәселені жеке дара шешу
 - D) мәселені бірлесе отырып шешу
 - E) мәселені бірлесіп талқыламау
 - F) мәселе бойынша бір-біріне тәуелді болмау